

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2025 жылдың I-тоқсаны


Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының даму серпіні

Елімізде 2025 жылдың басындағы экономикалық жағдай жеке тұлғалардың депозит нарығында жағдайдың жақсаруына септігін тигізеді. Инфляция 2025 жылдың қаңтарында 8,9% болса, сәуір айына қарай 10,7%-ға дейін өсті¹. Бұл атаулы табыстардың өскендігіне қарамастан, қазақстандықтардың ақша жинау қабілетін төмендетеді (наурызда атаулы табыстар индексі 113,3%-ды құраса, нақты табыстар индексі 103,0%²-ды құрады). Сонымен бірге, табыстардың сатып алу қабілетін сақтау және халықтың банктердегі жинақ ақшаларын қорғау үшін Ұлттық Банк 7 наурызда базалық мөлшерлемені бірден 1,25 пайыздық тармаққа (15,25%-дан 16,5%-ға дейін) көтеру туралы шешім қабылдады. Бұл қадам әсіресе, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеуді ырықтандыру жағдайында банктерге өздерінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді өсіруге ынталандырды. Айталық, ҚДКБҚ 2024 жылдан бастап, банктердің көпшілігі үшін мөлшерлемелердің шегін белгілеуді, ал 2025 жылдың 01 наурызынан бастап, қалған банктер үшін де тоқтатты. Нәтижесінде халықтың депозиттері бойынша талаптар тартымды бола түсті. Сәйкесінше салымшылар әлі де өздерінің жинақ ақшалары бойынша жақсы нақты табыс ала алады.

Жеке тұлғалардың депозиттік базасы дәстүрлі маусымдық қысқарудан кейін қалпына келе бастады. Жыл сайын мерекелік және еңбек демалысына байланысты кезеңнен кейін, жыл басында халықтың жинақ ақшалары азаяды, және әдетте 1-тоқсанның соңына немесе 2-тоқсанның басына қарай бұрынғы дейін қалпына келеді. Атап айтар болсақ, халықтың депозиттері 2025 жылдың қаңтарында 2,1%-ға қысқарды, бірақ ақпан-наурыз айларында қайтадан өсе бастады (+0,6%). Нәтижесінде депозиттік базаның төмендеуі 1-тоқсанда 1,5%-ды құралды. Дегенмен, жалпы жылдық тұрғыда әлі де оң серпін сақталуда – 19,2% (1,2-сурет).

Шоттардың айтарлықтай өсуі тұрғындардың әртүрлі депозиттерге деген қызығушылығының артқандығын және жинақ ақшаларын барынша әртараптандыруға ұмтылып жатқандығын білдіреді. Жеке тұлғалардың депозиттік шоттары 2025 жылдың 1-тоқсаны ішінде 11,5%-ға өсті (салыстыру үшін, 2024 жылдың 1-тоқсанында өсім – 1,7% болған еді) (1-сурет). Салымшылар едәуір тартымды және ыңғайлы депозиттік өнімдерді тауып, жинақ ақшаларын өздерінің инвестициялық мақсаттарына сәйкес үлестіруге тырысуда. Мұндай стратегия тек табыстылықты арттыруға ғана бағытталған жоқ, сонымен қатар жинақ ақшаларды әртүрлі банктерге орналастырған жағдайда –


1-сурет. Шоттардың саны айтарлықтай өсті



2-сурет. Депозиттік базаның маусымдық сипатта төмендеуі



3-сурет. Валюталық депозиттер тенге бағамының нығайуына байланысты төмендеді



¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өңірлердегі ақпараттық үрдістер, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2277>

² Ұлттық статистика бюросы: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

кредиттік тәуекелдерді әртараптандырып, ақшалардың ҚДКБҚ кепілдігімен толық қамтылуына мүмкіндік береді. Ал Қор кепілдігі салымшының әрбір жеке банктегі депозиттерінің жиынтық сомасына қолданылатындығын айта кеткен жөн.


Долларлану деңгейі жайлы деңгейде қалуда. Шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2025 жылдың 1-тоқсанында теңге бағамының нығаюына байланысты 0,2%-ға төмендеді (3-сурет). 2024 жылдың соңында валюта нарығында орын алған құбылмалықтың салдарынан, тоқсан ішінде долларлану деңгейі 0,3 п.т. -қа артты, бірақ қолайлы деңгейде сақталуда – 25,0%³. Жылдық тұрғыда халық депозиттерінің долларлануы 0,8 п.т.-қа төмендеді (4-сурет).

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы⁴


Бұқаралық сегмент нарықтың негізгі іргетасы болып қалуда. Бірақ оған маусымдық факторлар мен инфляция ерекше әсер етті. Бірінші тоқсанда бұқаралық сегменттің жеке тұлғалардың депозиттік базасындағы алар үлесі 0,2 п.т.-қа өсіп, 49,4%-ды құрады (5-сурет). Алайда бұл сегменттің көлемі абсолютті мәнде төмендеді (6-сурет). Атап өту керек, төмендеу шоттарындағы қалдық ақша 1 млн теңгеге дейін болған салымшылар арасында ғана орын алды. Маусымдық шығындардың өсу және бағалардың қымбаттауы осы қалтасы таяз салымшыларға қатты әсер етті. Салымшылардың осы бір ең осал санатының үлес салмағы депозит базасының 8,4%-ын құрайды. Жиынтық үлесі нарықтың 59,1%-ын құрайтын, бұқаралық және орта сегмент салымшыларының қалған санаттарына маусымдық факторлар аз әсер етті және сәйкесінше олардың жинақ ақшаларының көлемі 1-тоқсанның соңына қарай өсімді көрсетті.

Ірі сегмент жинақ ақшаларының бір бөлігін балама инвестициялық құралдарға аударуда. Сонымен бірге ұлттық валютадағы депозиттер бойынша ең жоғары өсім осы ірі сегментте сақталуда. Өйткені салымшылардың бұл санаты ірі-ірі инвестициялар жасайды. Сәйкесінше алынатын табыстылық бойынша аздаған айырмашылықтың өзі олар үшін елеулі мәнге ие. Осыған байланысты ең ауқатты салымшылар едәуір табысты, бірақ, сонымен бірге тәуекелі жоғары, мысалы, қор нарығындағы инвестицияларды таңдап жатады. Инвестициялардың бұл түрі ҚДКБҚ кепілдігімен қамтамасыз етілмейді, бірақ бұл ірі сегменттің шешіміне ықпал ете алмайды, өйткені олардың жинақ ақшалары депозиттер бойынша кепілдік мөлшерінен бірнеше есеге асып түседі. Атап айтар болсақ, ҚДКБҚ кепілдіктерінің қолданыстағы мөлшері жеке тұлғалардың депозиттік


4-сурет. Долларлану деңгейі «жайлы» деңгейде тұрақтауда



5-сурет. Нарықтың құрылымы сегменттер бөлінісінде тұрақты



6-сурет. Жылдық өсім сегменттер бөлінісінде жоғары деңгейде



³ шетелдік зерттеулердің көрсетуінше, валюталық депозиттер үлесінің 30%-дан аспауы құптарлық деңгей болып саналады

A. Kokenyane, J. Ley, R. Veyrune, 2010, «Dedollarization», IMF Working Paper

A. Bennett, E. Borensztein, 1999, «Monetary Policy in Dollarized Economies», IMF Occasional Paper No. 171

⁴ бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

шоттарының 99,8%-ын толық көлемде қамтиды. Тек ең ірі салымшылардың шоттарының 0,2%-ы ғана кепілдік мөлшерімен толық көлемде қамтылмаған. Өйткені тағы да қайталап айтамыз, олардың шоттарындағы қалдық ақшалардың көлемі кепілдік мөлшерінен едеуір асып түседі. Сонымен бірге ұлттық валютадағы депозиттер әсіресе сыйақы мөлшерлемелерінің ағымдағы көтерілуін ескерсек, бұқаралық сегмент үшін де, ірі инвесторлар үшін де әлі де ең тартымды инвестиция көзі болып қалуда. Ірі сегмент депозиттерінің жылдық өсімі ұлттық валютада 29,7%-ды құрады (6-сурет).

Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы


Мерзімді нарық тұжырымдамасы жұмыс істеуде – банктер тұрақты ақшалай қор жинау үшін халыққа көбірек төлеуге дайын, ал салымшылар осылайша икемділігі төмен депозиттер үшін жоғары табыстылық алады. Маусымдық фактор әсіресе күнделікті шығындарға арналған ағымдағы шоттар мен икемділігі жоғары мерзімсіз депозиттердегі қаражаттың азаюына айтарлықтай әсер етті. Сонымен бірге депозиттердің бұл түрлерінің үлесі сәйкесінше нарықта басымдыққа ие – 13,1% және 61,7%. Өз кезегінде мерзімді және жинақ салымдардың көлемі тоқсан ішінде 20,0%-ға, ал жылдық тұрғыда 80,4%-ға өсті. Мұндай салымдардан ақшаны мерзімінен бұрын алу бойынша қатаң шектеулердің болуы, егер алатын болса, пайыздық сыйақыдан айырылатындығы салымшыларды жинақ ақшаларына салымның мерзімі аяқталғанша тимеуге ынталандыра түседі. Нәтижесінде тоқсан ішінде тұрақты ақшалай қор жинау үлесі 2,8 п.т.-қа өсті (7-сурет).

Сыйақы мөлшерлемелері


Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелердің өсуі – Ұлттық Банктің ақша-несие саясатының трансмиссиялануы. Инфляцияны төмендету мақсатында 2024 жылдың 29 қарашасында Ұлттық Банк мөлшерлемені 1 п.т.-қа (14,25%-дан 15,25%-ға дейін) және 2025 жылдың 7 наурызында 1,25 п.т.-қа (16,5%-ға дейін) көтерді. Осы жағдай аясында банктер 1-тоқсан барысында өздерінің депозиттік өнімдері, әсіресе салымшылар арасында аса танымал салымдар бойынша мөлшерлемелерді көтерді: мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме 14,4%-ға өссе (8-сурет), мерзімі 1 айдан 6 айға дейін болатын, үстінен ақша салуға болмайтын мерзімді және жинақ салымдар бойынша 17,5%-ға дейін жоғарылады (9-сурет).

Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеуді ырықтандыру банктерге баға белгілеуде айрықша икемділік береді. Банктердің көпшілігі үшін мөлшерлемелердің шегін белгілеуді ҚДКБҚ 2024 жылдың басында жойған болса, капиталдануы жақсыдан төмен деп бағаланған қалған банктер үшін шекті мөлшерлемелерді белгілеуді 2025 жылдың 01 наурызынан бастып тоқтатты. Халықтың қаражатын банктердің өктемдене тартуына шекитеу қою

7-сурет. Тұрақты қорландыру өсуде




8-сурет. Банктер мөлшерлемелерін базалық мөлшерлеменің ізінше арттырды




9-сурет. Ең тартымды мөлшерлемелер толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша

а) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



мақсатында ҚДКБҚ олар үшін көтеріңкі жарна және жүйелік тәуекел үшін төленетін жарнаны қолданады. Бұл жарналардың мөлшері банк мөлшерлемесінің нарықтық деңгейден қаншалықты жоғары екендігіне қарай үйлесімді түрде белгіленеді. Бұл шаралар түптеп келгенде банктерді жалпы нарықтық деңгейден ауытқымауға ынталандырады. Сонымен бірге оларға өздерінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді белгілеуде елеулі түрде еркіндік береді. Мысалы, ұсынысының тартымдылығы төмен ұзақ мерзімді салымдар секілді, нарықтың аз дамыған сегментінде кез келген банк маркет-мейкер атанып, нарықтық мөлшерлеменің қалыптасуына ықпал ете алуы мүмкін. Мысалы, мерзімділігі 12 айдан 24 айға дейін болатын, үстінен ақша салуға болмайтын мерзімді және жинақ салымдар сегментінде нарықтық мөлшерлеме 2024 жылы 6,0 п.т.-қа, ал 2025 жылдың 1-тоқсанында тағы 0,5 п.т.-қа көтеріліп, бәсекеге қабілетті деңгей – 16,9%-ға жетті. Осылайша барлық банктер үшін шекті мөлшерлемелердің жойылуы және жарналардың икемді жүйесі банктерге нарықтың дамымай жатқан тауашаларын белсенді түрде толтырып, жаңа депозиттік өнімдерге сұраныс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

б) толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.